

Кәсіптік стандарт: «Жолаушыларға борттық қызмет көрсету»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Борттық қызмет көрсету" кәсіптік стандарты "Кәсіби біліктілік туралы" ҚР Заңының 5-бабына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұшу кезінде авиакомпания жолаушыларына қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) Әуе компания – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификаты бар заңды тұлға;
- 2) Әуе кемесінің бортындағы жайлылық – жолаушылар кабинасының орналасуына, интерьерге және тіршілікті қамтамасыз ететін қажетті жабдықтармен және жүйелермен (электр, оттегі, авариялық-құтқару жүйесі, сүмен жабдықтау, көріз, қысымды, газ құрамын және ауаны баптауды реттеу) жарақтандырылуына байланысты жолаушыларға белгілі бір физикалық-гигиеналық жағдайлар жасауға және оларға бортсеріктермен қызмет көрсетуге арналған тұрмыстық жағдайлардың, жайлылықтар мен климаттың жиынтығы;
- 3) Багаж – әуе кемесінің бортында тасымалданатын жолаушылардың немесе экипаждың жеке заттары;
- 4) Багаждың, жүктің зақымдануы (бүлінуі) – тасымалдау кезеңінде багажды, жүкті немесе багаждың бір бөлігін, жүкті жарамсыз күйге келтіру, соның салдарынан оларды өзінің бастапқы мақсаты бойынша толық не ішінара пайдалануға болмайды (өз құндылығын толық не ішінара жоғалтты);
- 5) Жеке қызмет көрсету – ұшаққа қонған сәттен бастап және олар межелі жерге келген сәтке дейін жолаушыларға тілектестік жағдай, психологиялық жайлылық жасау;
- 6) Жолаушы – экипаж құрамына кірмейтін және әуе тасымалы шартына сәйкес немесе өзге де заңды негіздерде әуе кемесімен тасымалданатын жеке тұлға;
- 7) Жолаушыларға қызмет көрсету – пайдаланушының жолаушыларды әуе тасымалын ресімдеуге және жүзеге асыруға және оларға қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қызметтердің міндетті ассортиментін ұсынуға байланысты рәсімдерді орындау жөніндегі қызметі;
- 8) Жолаушылар кабинасы – жолаушыларды, бортсеріктерді орналастыруға арналған, тиісті жабдықпен жарақтандырылған жолаушылар салондарының, тұрмыстық және қосалқы үй-жайлардың жиынтығынан тұратын әуе кемесі фюзеляжының бөлігі;
- 9) Кабина экипажының мүшесі – қауіпсіздік мүддесінде және жолаушыларға қызмет көрсету және (немесе) жүктерді тасымалдау мақсатында әуе кемесінің бортында оған әуе кемесінің пайдаланушысы немесе командирі тапсыратын, бірақ ұшу экипажының мүшесі болып табылмайтын міндеттерді орындайтын авиация персоналына жататын адам;
- 10) Қауіпті жүктер – денсаулыққа, қауіпсіздікке, мүлікке немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесінде, Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген бұйымдар немесе заттар;
- 11) Қызмет көрсету класы – әуе тасымалы тарифіне сәйкес жолаушыларға көрсетілетін қызметтердің жайлылық деңгейі мен көлемі;
- 12) Рейс – маршруттың бастапқы пунктінен соңғы пунктіне дейін бір бағытта орындалатын әуе кемесінің ұшуы (кесте бойынша немесе кестеден тыс);
- 13) Тез бұзылатын жүк – өсімдіктерден немесе жануарлардан алынатын өнімдер, оларды қайта өңдеу өнімдері, тірі өсімдіктер, сақтау және тасымалдау кезінде ерекше жағдайларды қажет ететін балық өсіру материалы;
- 14) Ұшу өндірісі бойынша нұсқаулық – ұшу қағидасын, ұшуды ұйымдастыруды қамтамасыз етуді және орындауды регламенттейтін құжат.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) АҚБЖ – авиациялық қауіпсіздікті басқару жүйесі (Security Management System, SEMS);
- 2) ӘК – әуе кемесі;
- 3) ӘКК – әуе кемесінің командирі;
- 4) БА – біліктілік анықтамалығы;
- 5) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 6) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 7) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 8) ҰЖУ – ұшу және жұмыс уақыты;
- 9) ҰҚБЖ – ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (Safety Management System, SMS);
- 10) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Жолаушыларға борттық қызмет көрсету  
 5. Кәсіптік стандарттың коды: H51101088  
 6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

- Н Көлік және қоймалау  
 51 Әуе көлігінің қызметі  
 51.1 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 51.10 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 51.10.1 Кестеге бағынатын жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 Н Көлік және қоймалау  
 51 Әуе көлігінің қызметі  
 51.1 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 51.10 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 51.10.2 Кестеге бағынбайтын жолаушылар әуе көлігінің қызметі  
 Н Көлік және қоймалау  
 51 Әуе көлігінің қызметі  
 51.2 Жүк әуе көлігі және ғарыш көлігінің қызметі  
 51.21 Жүк әуе көлігінің қызметі  
 51.21.1 Кестеге бағынатын жүк әуе көлігінің қызметі  
 Н Көлік және қоймалау  
 51 Әуе көлігінің қызметі  
 51.2 Жүк әуе көлігі және ғарыш көлігінің қызметі  
 51.21 Жүк әуе көлігінің қызметі  
 51.21.2 Кестеге бағынбайтын жүк әуе көлігінің қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Бұл кәсіби стандартта әуе кемесінде ұшу кезінде әуе жолаушылары мен ұшу экипажының мүшелеріне сервистік қызмет көрсету және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс шараларды жүргізу бойынша жұмыстардың сипаттамалары мен кәсіптердің еңбек функциялары келтірілген.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Борт жолсерік -инструкторы - 4 СБШ-нің деңгейі  
 5) Борт жолсерігі (әуе) - 3 СБШ-нің деңгейі  
 6) Борт операторы - 4 СБШ-нің деңгейі  
 7) Қызмет бастығы - 6 СБШ-нің деңгейі  
 8) Мамандандырылған әуе көлігі бөлімшелерінің басшылары (басқарушылары) - 7 СБШ-нің деңгейі

### 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Борт жолсерік -инструкторы»:			
Топтың коды:	5111-1		
Қызмет атауының коды:	5111-1-003		
Кәсіптің атауы:	Борт жолсерік -инструкторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	-	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	-	-
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Бортсерік-нұсқаушыны даярлау бойынша оқу курсынан өту, кабиналық экипаждың бас мүшесі ретіндегі практикалық тәжірибе.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Авиациялық оқу орталығының сертификаты "Cabin attendant instructor training course"		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кабиналық экипаждың азаматтық авиация әуе кемесінің бортында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кабиналық экипаждардың жұмысын ұйымдастыру</li> <li>2. Бортсеріктерді іске қосу, ұшу жағдайында бортсеріктердің жұмысын тексеру бағдарламаларын орындау</li> <li>3. Өз құзыреті шеңберінде ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы іс-шараларды орындау</li> <li>4. Организация работы бортовых операторов грузовых ВС</li> </ol>
Еңбек функциясы 1: Кабиналық экипаждардың жұмысын ұйымдастыру	Дағды 1: Бортсеріктерді лауазымдық міндеттерін орындауға дайындау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бортсеріктердің жұмысын тексеру және практикалық дағдыларды үйрету.</li> <li>2. Бортсеріктерді (бас бортсеріктерді) пайдалануға беру.</li> <li>3. Кабиналық экипаж мүшелерінің стандарттар мен технологиялар талаптарын сақтауын бақылау.</li> <li>4. Қажет болған жағдайда кабиналық экипаж мүшелерінің кез келгенінің міндеттерін орындау.</li> <li>5. Бортсеріктерді (бас бортсеріктерді) жерүсті, алдын ала және ұшу алдындағы даярлауды жүргізу.</li> <li>6. Авиациялық оқу орталығында бастапқы даярлықтан кейін бортсеріктерді бейімдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.</li> <li>7. Бортсеріктердің (бас бортсеріктердің) назарына жедел ақпаратты, басшылық құжаттардағы өзгерістерді жеткізу.</li> <li>8. Бортсеріктермен (бас) бортсеріктермен еңбекті қорғау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әуе кемесінің бортында сервис деңгейін арттыру мәселелері бойынша нұсқаулық жүргізу.</li> <li>9. Бортсеріктердің (аға бортсеріктердің) кәсіптік даярлық деңгейін арттыруға бағытталған техникалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.</li> <li>10. Бортсеріктерді (бас бортсеріктерді) жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне, өндірісте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету қағидаларына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар жүргізу, еңбекті қорғау талаптарын білуін тексеру.</li> <li>11. Ұйымдастыру мәселелері бойынша кабиналық экипаждар бөлімшесінің басшыларымен өзара байланыс жасау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР, сондай-ақ әуе кемесін тіркеу мемлекетінің және кабина экипажының қызметіне қатысты бөлігінде пайдаланушы мемлекеттің заңнамасы.</li> <li>2. Азаматтық авиацияның халықаралық әуе көлігі ұйымдарының стандарттары мен ұсынылатын тәжірбиесі.</li> <li>3. Кабиналық экипаждардың жұмысына қатысты пайдаланушының ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары.</li> <li>4. Кабиналардың жұмысына қатысты басшылық, рәсімдер, нұсқаулықтар, технологиялар, пайдаланушы стандарттары.</li> <li>5. Еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар.</li> <li>6. Бортсеріктерді оқыту әдістері.</li> <li>7. ҰЖУ білу.</li> <li>8. Шет тілін білу.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі: ұсынылмайды</p>
Еңбек функциясы 2: Бортсеріктерді іске қосу,		

<p>ұшу жағдайында бортсеріктердің жұмысын тексеру бағдарламаларын орындау</p>	<p>Дағды 1: Бортсеріктерді іске қосу және ұшу жағдайында бортсеріктердің жұмысын тексеру бағдарламаларын іске асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Түріне (жұмыс жағдайына) рұқсат беру мақсатында бортсеріктермен (бас) бортсеріктермен техникалық сабақтар, маусымдық нұсқаулықтар өткізу.</li> <li>2. Еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, жұмыс орнындағы бастапқы, қайталама, жоспардан тыс, еңбекті қорғау талаптарының білімін тексеру.</li> <li>3. Пайдаланушы бекіткен бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұшу тапсырмасын орындау кезінде кабиналық экипаж мүшелерінің білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыру.</li> <li>4. Ұшу жағдайында бортсеріктердің (бас бортсеріктердің) жұмысын тексеруді орындау.</li> <li>5. Ұшу тапсырмасын орындаудың барлық кезеңдерінде кабина экипажының жұмысын ұйымдастыруды тексеру.</li> <li>6. Іске қосу процесінде бортсеріктер (бас бортсеріктер) игеретін қызмет элементтерін көрсету.</li> <li>7. Кабина экипажы мүшелерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауын, сондай-ақ перрон бойынша жүріп-тұру кезінде және ұшу жағдайында еңбекті қорғау талаптарының орындалуын тексеру.</li> <li>8. Жолаушылар кабинасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру.</li> <li>9. Ұшу тапсырмасын орындаудың барлық кезеңдерінде қауіп пен қателік факторларын тану және бақылау.</li> <li>10. Ұшу жағдайындағы штаттық, штаттан тыс және авариялық жағдайларда кабиналық экипаж мүшелерінің ұшу экипажымен өзара байланысын бақылау.</li> <li>11. ӘК бортында азаматтық авиация саласындағы тексеруші органдардың өкілдерімен өзара ібайланысжасау.</li> <li>12. Есепті рейстік құжаттаманы толтыру.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұшуға арналған тапсырманы орындау кезінде әуе кемесінің кабиналық экипажы мүшелерінің жұмысын реттейтін стандарттар, технологиялар және өзге де құжаттар;</li> <li>2. "F" класты әуе жолаушыларына қызмет көрсетуді және тамақтануды, жеке қызмет көрсетуді ұйымдастыру;</li> <li>3. Психология негіздері және қарым-қатынас тәртібі;</li> <li>4. Борттық жолсеріктер экипажының мүшелерімен ұшу нәтижелеріне талдау жүргізу әдістемесі;</li> <li>5. Рейстік құжаттаманы ресімдеу тәртібі;</li> <li>6. Пайдаланушы көлемінде дербес электрондық-есептеу машинасында жұмыс істеу тәртібі;</li> <li>7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі тәртіп;</li> <li>8. Жеке қорғану құралдарын пайдалану тәртібі;</li> <li>9. Орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасына қойылатын талаптар;</li> <li>10. Жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>ұсынылмайды</p>

	<p>Дағды 2: Кабиначык экипаждар бөлімшесінің ұшу-штабтық құжаттамасын жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бортсеріктерді (бас бортсеріктерді) пайдалануға беру бағдарламаларын орындау нәтижелері бойынша есепті құжаттардың нысандарын толтыру.</li> <li>2. Рейстік жағдайларда бортсеріктерді (бас бортсеріктерді) біліктілік тексерулерінің нәтижелері бойынша есепті құжаттардың нысандарын толтыру.</li> <li>3. Кабиначык экипаж бөлімшесінде бекітілген нысандарға сәйкес жоспарлар жасау.</li> <li>4. Пайдаланушының бекітілген нысандарына сәйкес анықтамалық-ақпараттық құжаттарды дайындау.</li> <li>5. Еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық жүргізу журналдарын толтыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР, сондай-ақ әуе кемесін тіркеу мемлекетінің және кабина экипажының қызметіне қатысты бөлігінде пайдаланушы мемлекеттің заңнамасы.</li> <li>2. Азаматтық авиацияның халықаралық әуе көлігі ұйымдарының стандарттары мен ұсынылатын тәжірбиесі.</li> <li>3. Кабиначык экипаждардың жұмысына қатысты пайдаланушының ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары.</li> <li>4. Кабиначык экипаждардың жұмысына қатысты пайдаланушының жергілікті нормативтік актілері.</li> <li>5. Еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар.</li> <li>6. Іс жүргізу негіздері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 3: Өз құзыреті шеңберінде ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы іс-шараларды орындау</p>	<p>Дағды 1: ҰҚБЖ және АҚБЖ-ны қолдау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кабиначык экипаждардың жұмысына қатысты бөлігінде ұшу қауіпсіздігін басқару мәселелеріне жәрдем көрсету.</li> <li>2. Анықталған бұзушылықтардың барлық жағдайлары, сондай-ақ ықтимал қауіптер туралы ұшу қауіпсіздігі инспекцияларына және авиациялық және көлік қауіпсіздігі бөліміне хабарлау.</li> <li>3. Ұшу қауіпсіздігін, авиациялық (көліктік) қауіпсіздікті, пайдаланушы персоналының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, пайдаланушының қызметіне заңсыз араласу актілерін, сондай-ақ экономикалық залал келтіру әрекеттерін болғызбау жөніндегі өз құзыреті шеңберінде қажетті шараларды қабылдау.</li> <li>4. Өз құзыреті шеңберінде қауіпсіздік бойынша жүйелі іркілістерді анықтауға бағытталған әуе кемесінің жолаушылар кабинасындағы қауіпсіздікке байланысты оқиғаларға тергеу жүргізу.</li> <li>5. Қауіпсіздік туралы белсенді ақпарат алмасу арқылы алынған қорытындылар мен қауіпсіздік бойынша ең жақсы әзірлемелерді тарату.</li> <li>6. Нашарлаудың алдын алу.</li> <li>7. Ұшу экипажын жолаушылар кабинасында туындайтын немесе әуе кемесіне қатысты штаттан тыс және авариялық жағдайлар туралы хабардар ету.</li> <li>8. Жолаушылардың әуе кемесінің бортында ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін мінез-құлық ережелерін бұзуына байланысты жағдайларды реттеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авиациялық және көліктік қауіпсіздік талаптары.</li> <li>2. Ұшу қауіпсіздігіне қойылатын талаптар.</li> <li>3. Пайдаланушының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты жергілікті нормативтік актілері.</li> </ol>

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Еңбек функциясы 4: Организация работы бортовых операторов грузовых ВС	Дағды 1: Борттық операторлардың жұмысын іске қосу және ұйымдастыру	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Борттық оператордың еңбек функцияларын орындау.</li> <li>2. Борт операторларды лауазымдық міндеттерін орындауға дайындау.</li> <li>3. Борт операторларды іске қосу, ұшу жағдайында борт операторлардың жұмысын тексеру бағдарламаларын іске асыру.</li> <li>4. Борттық операторлар бөлімшесінің ұшу-штабтық құжаттамасын жүргізу.</li> <li>5. Өз құзыреті шеңберінде ұшу қауіпсіздігін басқару саласындағы іс-шараларды орындауға міндетті.</li> </ol>
		Білімдер:
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Бейімділік Жауапкершілік Командада жұмыс істей білу Өзгерістерді басқару Эмоциялық парасат Төзімділік пен еңбексүйгіштік Ауызекі сөйлеу дағдылары Тәлімгерлік (тәлімгерлік, коучинг) Көп мәдениеттілік және ашықтық Клиентке бағдарлау</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	<p>1. ҚР әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы. ҚР Заңы. 2. ҚР азаматтық авиациясында бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 308 бұйрығы. 3. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы. ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығы. 4. ҚР азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы. ҚР Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығы. 5. ҚР Еңбек кодексі. 6. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы. ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығы. 7. Әуе кемесінің бортында мінез-құлық қағидаларын бекіту туралы. ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 416 бұйрығы. 8. Азаматтық және эксперименттік авиацияда деректерді ұсыну мен авиациялық оқиғалар мен оқиыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы. ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бұйрығы.</p>	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Қызмет бастығы
13. Кәсіптің карточкасы «Борт жолсерігі (әуе)»:		
Топтың коды:	5111-1	
Қызмет атауының коды:	5111-1-002	
Кәсіптің атауы:	Борт жолсерігі (әуе)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	53-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (53-шығарылым) бекіту туралы" 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 513 ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қаңтарда № 26508 болып тіркелді. Параграф 15. Борт жолсерігі		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	-	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	негізгі орта білім	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	5-разряд-4-разрядты борттық жолсеріктің жұмыс өтілі 1 жылдан кем емес 6-разряд-5-разрядты борттық жолсеріктің жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Бортсерік - "Cabin crew initial/type specific course" авиациялық оқу орталығының сертификаты		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	5111-1-001 - Борт жолсерігі 5111-1-004 - Стюард 5111-1-005 - Стюардесса		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Азаматтық авиация әуе кемесінің бортында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Штаттық штаттық емес және авариялық жағдайларда рейсті орындау кезінде әуе кемесінің жолаушылар кабинасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету 2. ӘК бортында жолаушылар мен экипаж мүшелеріне қызмет көрсету 3. Кабиналық экипаж мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру және қызмет көрсетудің экономикалық, бизнес және бірінші класты жолаушыларына сервис ұсыну	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Штаттық штаттық емес және авариялық жағдайларда рейсті орындау кезінде әуе кемесінің жолаушылар кабинасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Дағды 1: Ұшу алдындағы дайындықты жүргізу	Машықтар:	
		1. Бөгде адамдар мен ұмытылған заттарды табу мақсатында әуе кемесін әуе жолаушылары қонғанға дейін және олар шыққаннан кейін рейс аяқталғаннан кейін тексеріп қарауды жүргізу. 2. Жолаушылар кабинасының жабдықтарын бақылау тексерулерінің белгіленген карталарына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әк жолаушылар кабинасында жабдықтар мен жүйелердің болуын, жарамдылығын тексеру. 3. Жолаушылар кабинасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жерүсті персоналымен өзара байланыс жасау. 4. Штаттық, штаттық емес және авариялық жағдайларда жолаушылар кабинасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұшу экипажының мүшелерімен өзара байланыс жасау. 5. Барлық қажетті құжаттар мен нұсқаулықтардың болуын және сәйкестігін тексеру.	

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әуе кемесінің кабиналық экипажы мүшелерінің жұмысын реттейтін стандарттар, технологиялар және құжаттар.</li> <li>2. ӘК бортында пайдаланылатын қауіпсіздік және басқару жүйелері.</li> <li>3. Авариялық жағдайда авиажолаушыларды құтқаруға арналған авариялық-құтқару құралдарын орналастыру схемасы мен пайдалану тәртібі.</li> <li>4. Төтенше жағдайдағы әрекеттер бойынша экипаж жадынамасы.</li> <li>5. Қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері.</li> <li>6. Ұшу жұмыс уақытының регламенттері.</li> <li>7. Әуе жолаушыларын, экипаж мүшелерін және әуе кемесін бортсерікке қатысты көлемде тексеріп қарау жөніндегі басшылық.</li> <li>8. Шет тілін білу.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды
Дағды 2: Жолаушыларға ұшу алдындағы нұсқаулық жүргізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жолаушыларға төтенше жағдайдағы қауіпсіздік ережелері мен іс-қимыл тәртібін түсіндіру.</li> <li>2. Қауіпсіздік белдіктерін, оттегі маскаларын және құтқару кеудешелерін және басқа да құтқару құралдарын пайдалану тәртібін көрсету.</li> <li>3. Жолаушылардың нұсқауларды нұсқауларды орындауын бақылау.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану тәртібі.</li> <li>2. Құтқару құралдарын көрсету тәртібі.</li> <li>3. Төтенше жағдайдағы әрекеттер тәртібі туралы нұсқаулар.</li> <li>4. Орындалатын жұмыстардың ( қызметтердің) сапасына қойылатын талаптар.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылмайды

<p>Дағды 3: Авариялық - құтқару жұмыстарын жүргізу және дәрігерге дейінгі көмек көрсету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Борттағы авариялық-құтқару жабдықтарын (құтқару кеудешелері, құтқару салдары, авариялық траптар мен науалар, авариялық шығулар, тасымалды өрт сөндіргіштер, оттегі жабдықтары мен алғашқы көмек жиынтықтары және т.б.) ӘК типін ескере отырып пайдалану.</li> <li>2. Әуе кемесінің кабиналық экипажының мүшесі авариялық жағдай туындаған кезде немесе авариялық эвакуациялауды талап ететін жағдайда ӘК типін ескере отырып, орындауы қажет міндеттер мен функцияларды қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты орындауға міндетті.</li> <li>3. Әуе кемесінің бортындағы адамдарды құрлыққа және суға қауіпсіз және жылдам эвакуациялауды жүргізу, сондай-ақ авариялық жағдайда немесе ӘК типін ескере отырып, авариялық эвакуациялауды талап ететін жағдайда қажетті функцияларды орындау.</li> <li>4. Әуе кемесі командирінің нұсқауы бойынша авиациялық қауіпсіздік қызметінің болуы көзделмеген әуеайлақтарда, қону алаңдарында авиациялық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.</li> <li>5. Әуе кемесінің сипаттамаларын, шектеулерін және типін ескере отырып, пайдалану ережелеріне сәйкес жабдықтар мен борттық жүйелерді пайдалану.</li> <li>6. ӘК жолаушылар кабинасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экипаждың басқа мүшелерімен және жердегі персоналмен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.</li> <li>7. Қауіп пен қателік факторларын тану және бақылау.</li> <li>8. Жолаушылардың ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ӘК бортында жүріс-тұрыс ережелерін бұзуына байланысты жағдайларды реттеу.</li> <li>9. Ұшу кезінде жолаушылар кабинасында қауіпті жүктермен байланысты оқиғалар болған жағдайда бортсеріктердің бақылау тізіміне сәйкес іс-шараларды орындау.</li> <li>10. Әуе кемесіне багажды, поштаны, жүкті, бағалы жүкті, қауіпті жүкті, қару мен оқ-дәрілерді тиеуді (түсіруді) бақылауды жүзеге асыру.</li> <li>11. Әуе кемесінің бортындағы адамдарға алғашқы көмек көрсету.</li> <li>12. Қауіп факторларын анықтау кезінде авиациялық қауіпсіздік ережелерін қолдану.</li> <li>13. Рейсті орындаудың барлық кезеңдерінде штаттан тыс немесе төтенше жағдайда әрекет ету дағдыларын қолдану.</li> <li>14. Жүзе білу.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құтқару процедуралары және өмір сүру принциптері.</li> <li>2. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету тәртібі.</li> <li>3. Заңсыз араласу актісі кезіндегі іс-қимыл тәртібі (ӘК түсіру, диверсия, ӘК бортында жарылғыш құрылғыны табу және т.б.).</li> <li>4. Төтенше жағдайдағы әрекеттер бойынша экипаж жадынамасы.</li> <li>5. Қарапайым жағдайларда және төтенше жағдайларда тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету әдістері.</li> <li>6. Әк суға ағызу кезіндегі құтқару жұмыстарының қағидалары.</li> <li>7. Қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері.</li> <li>8. Арнайы жүктерді тасымалдау ережелері.</li> <li>9. Адам саудасын анықтау және оған ден қою бойынша кабиналық экипаждың нұсқаулығы.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі: ұсынылмайды</p>

Еңбек функциясы 2:

<p>ӘК бортында жолаушылар мен экипаж мүшелеріне қызмет көрсету</p>	<p>Дағды 1: Жердегі техникалық қызмет көрсету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жолаушылар кабинасының санитарлық жағдайын тексеру.</li> <li>2. Әуе кемесінің бортында коммерциялық тиеуді, тұрмыстық мүлікті, буфет-ас үй жабдықтарын, борттық тамақтануды қабылдау және орналастыру.</li> <li>3. Жолаушыларды қарсы алу.</li> <li>4. Қол жүгін орналастыру.</li> <li>5. Әуе кемесінің бортында әуе жолаушыларының саны мен орналасуын бақылау.</li> <li>6. Жолаушыларды ӘК бортындағы тәртіп ережелері туралы хабардар ету.</li> <li>7. Мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға көмектесу.</li> <li>8. Жолаушылардың ӘК-ден қауіпсіз шығуын ұйымдастыру.</li> <li>9. Ұшу тапсырмасын, қажетті құжаттаманы және ұшу туралы ақпаратты алу.</li> <li>10. Ұшу құжаттамасын толтыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жолаушыларды багажды және жүктерді тасымалдау ережесі.</li> <li>2. Бортсеріктің ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі жұмысы, коммерциялық жүктемені қабылдау-тапсыру туралы нұсқаулар.</li> <li>3. ӘК-дегі қызметтік, тұрмыстық және қоғамдық үй-жайлардың конструктивтік ерекшеліктері мен орналасуы.</li> <li>4. Әуе жолаушыларына қызмет көрсету, жұмсақ инвентарь мен әуе жолаушыларына қызмет көрсету құралдарын беру жөніндегі салалық стандарттар.</li> <li>5. Жердегі жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық.</li> <li>6. Есепке алу және есептілік нысандары, оларды жүргізу және жасау тәртібі.</li> <li>7. Ұшу құжаттамасын ресімдеу тәртібі.</li> <li>8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>ұсынылмайды</p>
	<p>Дағды 2: Ұшу кезінде қызмет көрсету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жолаушыларға және ұшу экипажының мүшелеріне рейстің технологиялық карталарында көзделген қызметтердің толық кешенін ұсыну.</li> <li>2. Жолаушылардың ұшу кезінде ӘК бортында жүріс-тұрыс ережелерін сақтауын бақылау.</li> <li>3. Бас бортсерікке барлық бұзушылықтар мен ақаулар туралы хабарлау.</li> <li>4. Буфет-ас үй жабдықтары мен жолаушыларға қызмет көрсету құралдарын пайдалану.</li> <li>5. Клиенттердің шағымдарын шешу.</li> <li>6. Мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға көмектесу.</li> <li>7. Дәрігерге дейінгі көмек көрсету.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) сапасына қойылатын талаптар.</li> <li>2. Жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.</li> <li>3. ӘК бортындағы сервис стандарттары бойынша нұсқаулық.</li> <li>5. Санитарлық ережелер және рейсте әуе жолаушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру.</li> <li>6. Сыртқы түрі және форма кию стандарттары бойынша нұсқаулық.</li> <li>7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі тәртіп.</li> </ol>
<p>Еңбек функциясы 3: Кабиначық экипаж мүшелерінің жұмысын ұйымдастыру және қызмет көрсетудің экономикалық, бизнес және бірінші класты жолаушыларына сервис ұсыну</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі: Дағды 1: Бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру және бақылау</p>	<p>ұсынылмайды</p> <p>Машықтар:</p> <p>Разряд 6</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бортсеріктер бригадасының білімін бақылау — кабина экипажының басшылығында жазылған талаптар, рәсімдер, стандарттар, мінез-құлық және тәртіп ережелері және т.б.</li> <li>2. Бортсеріктер бригадасында нысанды киім кию ережелерін бақылау.</li> <li>3. Бортсеріктер бригадасында сервистік қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта жазылған әуе кемесінің (ӘК) бортында сервис ұсыну технологиясының орындалуын бақылау және үйлестіру.</li> <li>4. Тиісті қызметтерден, сондай-ақ бортсеріктер бригадасынан біліктілік рұқсаттарын, кабиначық экипаж мүшесінің куәлігін, 2-сыныпты медициналық сертификатты, медициналық кітапшаны, паспортты) қолданудың өзекті мерзімдерін бақылайды және жұмыс және жеке құжаттаманы уақтылы жаңартуды сұратады.</li> <li>5. Бригада құрамында немесе қызметтік жолаушылармен рейске тағайындалған кабиначық экипаж мүшелерінің уақтылы келуін бақылау.</li> <li>6. Бортсеріктермен ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі брифинг өткізу.</li> <li>7. Қауіпсіздік техникасы, авиациялық қауіпсіздік жөніндегі қағидаларды, сондай-ақ әуежайдың өзге де аралас қызметтері белгілеген қағидаларды сақтай отырып, ӘК-ге дейін жүріп-тұру кезінде бригаданы бақылау.</li> <li>8. ӘК ұшу алдындағы даярлығының толық көлемінде бортсеріктер бригадасының орындалуын жүргізу және бақылау.</li> <li>9. Экипажда жағымды жұмыс атмосферасын қамтамасыз ету.</li> <li>10. Экипаж мүшелерінің штаттық, штаттық емес және апаттық жағдайлардағы әрекеттерін үйлестіру және үйлестіру.</li> </ol>

Білімдер:

6 разряд

1. Авиация қызметін регламенттейтін ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік және құқықтық актілері.
2. Әуе компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі актілері.
3. Ұшу өндірісі бойынша нұсқаулық.
4. ӘК бортындағы сервис стандарттары бойынша нұсқаулық.
5. Сыртқы көрініс стандарттары бойынша нұсқаулық.
6. Қалыпты және төтенше жағдайда ұшу экипажымен өзара байланысын рәсімдері.
7. Авиациялық оқиғалар мен оқиғаларға шолу.
8. Адами факторды және кабина экипажының жұмысын оңтайландыру.
9. Психология негіздері және қарым-қатынас тәртібі.
10. Борттық жолсеріктер экипажының мүшелерімен ұшу нәтижелеріне талдау жүргізу әдістемесі.
11. Рейстік құжаттаманы рәсімдеу тәртібі.
12. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі тәртіп.
13. Орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) сапасына қойылатын талаптар.
14. Жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

ұсынылмайды

<p>Дағды 2: Экипаж мен жолаушыларға экономикалық, бизнес және бірінші класты қызмет көрсетудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сервис ұсыну</p>	<p>Машықтар:</p> <p>6 разряд</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авариялық-құтқару жабдығының болуын, жарамдылығын, орналастырылуын тексеру.</li> <li>2. Жарамсыз жабдық анықталған жағдайда тиісті құжаттаманы толтыру.</li> <li>3. ӘК бөтен/күдікті заттарға тексереді, тексеру аяқталғаннан кейін ұшу алдындағы қауіпсіздікті тексерудің бақылау парағын толтырады.</li> <li>4. Әк жүйелерінің жарамдылығы мен ұшуға дайындығын тексеру.</li> <li>5. Технологиялық рәсімдерге сәйкес тұрмыстық және борттық жабдықтардың, ӘК үй-жайларының рейске дайындығын тексеру.</li> <li>6. Технологиялық рәсімге сәйкес тұрмыстық мүлікті, буфет-ас үй жабдықтарын, ыдыс-аяқты, жолаушыларға қызмет көрсету құралдарын, борттық тамақтануды қабылдау және орналастыру.</li> <li>7. ӘКК стандартты баяндамаларын уақтылы орындау.</li> <li>8. ӘК-нің, жердегі, техникалық қызметтерге ӘК-нің ұшу алдындағы даярлау процесінде анықталған кемшіліктер, ақаулар, сәйкессіздіктер туралы ақпарат беру.</li> <li>9. Жолаушыларды отырғызар алдында ӘК-нің санитарлық жағдайын бақылау, ұшу кезінде жолаушылар салондары мен жұмыс орындарында тазалық пен тәртіпті сақтау.</li> <li>10. Брифинг/де-брифинг кезінде кабиналық экипажға ұшу тапсырмасын, "күшейтілген экипаж кезіндегі демалыс кестесі" нысанын толтыру.</li> <li>11. Ұшу кезінде сапалы қызмет көрсету және ӘК бортындағы жолаушыларға қызмет көрсетудің барлық түрлерін ұсыну кезінде бортсеріктер бригадасын бақылау.</li> <li>12. Жолаушылардың шағымдарына жауап беру, жанжалды жағдайлардың алдын алу.</li> <li>13. Жолаушылардың бортында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты ӘК бортында жүріс-тұрыс ережелерін сөзсіз сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.</li> <li>14. Борттағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ӘК салондарында қол жүгін орналастыруды бақылау.</li> <li>15. Жолаушылардың түсуін бақылайды, әуе кемесін ұмытылған заттарға қарап шығады. Ұмытылған заттар табылған жағдайда рәсімге сәйкес әрекет ету, «Жолаушылар ұмытқан заттар туралы акт» журналын толтыру</li> <li>16. Рейсте анықталған әуе кемесі жабдықтарының ақауларын орталықтандырылған тіркеу кітабына енгізеді, ӘКК қолымен растайды.</li> <li>17. Рейс аяқталғаннан кейін де-брифинг өткізу, бортсеріктер бригадасының жұмысына баға беру.</li> <li>18. Екінші ұшқыш үшін де-брифинг аяқталғаннан кейін рейстік құжаттаманың толық пакетін жинақтау.</li> </ol>
---	---

